

Жаратылыстану-математика бірлестігінің хаттамасы

Хаттама № 1

Күні: «26» тамыз 2026 жыл

Өткізілген орны: Тайтөбе ЖОББМ

Әдістемелік бірлестік: Математика-жаратылыстану пәні мұғалімдері

Қатысқандар: 11 мұғалім

Қатыспағандар: 6

Күн тәртібі:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Өткен оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің жұмысын қорытындылау.
3. Жаңа оқу жылындағы оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құжаттарды талқылау.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша

Әдістемелік бірлестік жетекшісі Іскендір Айжан Темірбекқызы сөз сөйлеп, 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарымен таныстырды.

Жұмыс жоспарының негізгі бағыттары:

- білім сапасын арттыру;
- заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру;
- оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру;
- дарынды және білім алуда қиындықтары бар оқушылармен жұмыс жүргізу;
- ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысуды ұйымдастыру;
- пәндік олимпиадаларға, байқауларға оқушыларды дайындау;
- тәжірибе алмасу жұмыстарын жүйелі жүргізу.

2-мәселе бойынша

Әдістемелік бірлестік мүшелері өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға талдау жасады.

Мұғалімдер оқу жылы барысында ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, пәндік апталықтар, олимпиадалар мен түрлі байқауларға қатысқандығы туралы ақпарат берді. Жұмыс барысында кездескен мәселелер талқыланып, алдағы оқу жылында білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды күшейту қажеттігі айтылды.

3-мәселе бойынша

Пән мұғалімдері оқу бағдарламаларының ерекшеліктерін, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды және оқу-әдістемелік құжаттарды талқылады.

Оқу процесінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, саралап оқыту әдістерін қолдану және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға басымдық беру қажеттігі атап өтілді.

4-мәселе бойынша

Әртүрлі мәселелер қарастырылып, әдістемелік бірлестік мүшелері өз ұсыныстары мен пікірлерін білдірді.

Шешім :



1. 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Пән мұғалімдері оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құжаттардың талаптарын басшылыққа алып жұмыс жүргізсін.
3. Сабақ барысында оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер жүйелі қолданылсын.

4. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы, ашық сабақтар мен әдістемелік іс-шаралар ұйымдастырылсын.
5. Дарынды оқушылармен және білім алуда қиындықтары бар оқушылармен жүргізілетін жұмыстар жүйелендірілсін.
6. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстары жалғастырылсын.
7. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету және тәлімгерлік жұмысты жүйелі жүргізу қамтамасыз етілсін.
8. Келесі әдістемелік бірлестік отырысында жоспарланған жұмыстардың орындалу барысы талқылансын.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:

Хатшы:

Күні: «26» тамыз 2026 жыл

 Іскендір А.Т.
 Молдрахметова С.А.